

**Юсупова Гаухар Тургалиевнаның 6D073200 – Стандарттау және сертификаттау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «НАССР жүйесі негізінде сүт өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі» атты диссертациялық зерттеуіне ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы мемлекеттік бағдарлама-Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының «Қазақстан-2050 Стратегиясы» атты Қазақстан халқына Жолдауына және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес келеді.
		2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	Диссертация №0118РКИ 0554 «Қауіпсіз сүт өнімдерін өндіру бойынша шараларды әзірлеу» инициативалық тақырып аясында меншікті қаржыландыру бойынша орындалған. Жобаны іске асыру жылдары 2018-2020 жж.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған.	Автордың жеке үлесі теориялық және эксперименттік бөлігін орындаудан, әдеби деректерді талдаудан, НАССР жүйесін енгізу мүмкіндігін негіздеуден, сыни бақылау нүктелерін анықтаудан, сыни шектерді белгілеуден, табылған сәйкессіздікті жою үшін түзету әрекеттерді жасау және мониторинг процедураларын белгілеуден, өнімнің сапа көрсеткіштерін анықтаудан тұрады. Автор зерттеу нәтижелерін ғылыми жарияланымдар түрінде шығарған, өнімді сынақтан өткізген, НАССР жоспарын және нормативтік құжаттама жасақтаған. Жалпылай алғанда, ізденушінің жасаған жұмыстарының нәтижесінде ешкі сүті және ешкі сүті өнімдерін өндіруші кәсіпорындарға бағытталған ұсыныстары мал шаруашылығындағы стандарттау мен сертификаттау саласына қосатын үлесі елеулі.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары	Г.Т. Юсупованың жеке үлесін Қазақстан Республикасы бойынша сүт және сүт өнімдерін өндіретін кәсіпорындарға НАССР жүйесінің енгізілу дәрежесін талдаудан, ешкі сүтінен жасалған кефир өндірісіндегі сыни бақылау нүктелерін анықтаудан, сыни шектерді белгілеуден,

			табылған сәйкессіздікті жою үшін түзету әрекеттерін жасаудан және мониторинг процедураларын белгілеуден, сонымен қатар, өнімнің тағамдық құндылығын анықтаудан көруге болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген	<p>Қазіргі уақытта көптеген елдер тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі проблемасын өз қызметінің басым бағыттарының бірі деп таниды. Сапасыз тамақ өнімдерін тұтынумен байланысты аурулардың өршу жағдайлары тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, осындай өнімдерді тұтынумен байланысты ауруларды жұқтыру қаупін азайту мақсатында өнім сапасына деген көзқарастарды түбегейлі өзгерту қажеттілігін көрсетеді.</p> <p>Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты негізгі мақсаты – еліміздің орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін халықтың денсаулығын нығайту және өмір сүру деңгейін ұзарту болып табылады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін ең алдымен, азық-түлік қауіпсіздігі мен өндірісті мұқият бақылауды қамтамасыз етудің маңыздылығы мен өзектілігін атап өткен жөн. Қауіпті азық-түлік өнімдері Қазақстан Республикасының экономикасы мен денсаулық сақтау саласына жаппай қауіп тудыратыны сөзсіз. Осы жайларды ескере келгенде Г.Т.Юсупованың «НАССР жүйесі негізінде сүт өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі» тақырыбындағы дайындаған диссертациялық жұмысы өзекті болып табылады.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды.	Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыбын толық айқындайды. Диссертациялық жұмысты орындау барысында барлық бөлімдері рет-ретімен өзара бірізді байланысып жазылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері «НАССР жүйесі негізінде сүт өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі» тақырыбына толық сәйкес келеді.



		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан;	Диссертациялық жұмыста ізденуші барлық бөлімдері мен құрылысын өзара үйлестіріп, логикалық тұрғыдан байланыстырып жазылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар	Диссертацияда ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Шет мемлекетердегі және «Қазақстан Республикасындағы өнім қауіпсіздігінің қазіргі жағдайы» бөлімінен көруге болады. Жұмыстағы ғылыми мәліметтер тұжырымдар және қортындылардың негізділігі, диссертация тақырыбына байланысты шетелдік және отандық әдебиеттер мәліметтерін талдай отырып, үйлестірілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа: - сүт және сүт өнімдерін өндіруші кәсіпорындардағы тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйесінің жай-күйі талданып, ғылыми тұрғыдан алғаш рет негізделген; - ешкі сүтінен жасалған кефирдің сапа көрсеткіштері анықталып, «өнім сипаттамасы» құжаты дайындалған; - ешкі сүтінен жасалған кефир өндірісінің қауіп-қатерлері талданып және сыни бақылау нүктелеріне негізделген тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздік менеджменті жүйесінің НАССР жоспары алғаш рет рәсімделген; - тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі менеджменті жүйелерін өндіріске енгізудегі экономикалық тиімділігі анықталған; - алғаш рет «Зеренда» асыл тұқымды шаруашылығы» ЖШС-де НАССР жүйесі енгізілуде; - «Создание систем менеджмента безопасности пищевой продукции на основе методологии ХАССП для малых и средних предприятия» құралы атты оқу-әдістемелік құралы жасақталған.

		<p>5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары толығымен жаңа.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа</p>	<p>Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін пайдаланылатын техникалық, технологиялық, экономикалық шешімдер толығымен жаңа және негізделген болып табылады. НАССР жүйесін өндіріске енгізгенге дейін шығындар азаяды. НАССР енгізгеннен кейін өндіріс ұдайы бақылауда болғандықтан өнім өндіру процесінде төнуі мүмкін қауіптерді қызметкерлер біліп, қауіптің алдын алатын болады. Өнім шығару 30 000 000-нан 37 000 000 тг. дейін артып, сату көлемі 10 000 000-нан 15000 000 дейін ұлғаяды. Себебі НАССР жүйесі енгеннен кейін өнім тек Қазақстан аумағында емес шет елдерге де біртіндеп сатылымға жіберіледі.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық тұжырымдары ғылыми тұрғыдан дәлелді түрде негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді. 7.2 Тривиалды ма? 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 7.4 Қолдану деңгейі: 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылатын жаңа, қолдану деңгейі кең, тривиалды элементтері жоқ негізгі қағидаттар ұсынылған. Олар эксперименталды түрде дәлелденген сонымен қатар, теориялық және эксперименттік нәтижелері жариялымдармен расталған. Диссертация тақырыбы бойынша 8 ғылыми жұмыс, оның ішінде Scopus халықаралық деректер базасына кіретін 1 мақала, Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, халықаралық ғылыми конференциялар еңбектерінің жинақтарында 3 мақала жарияланып, 1 оқу-әдістемелік құрал баспадан шығарылған.</p>



8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия	Диссертациялық жұмысты орындау кезінде автор зерттеу әдіснамасын дұрыс таңдап, диссертацияның тиісті бөлімінде толықтай сипаттаған. Диссертациялық жұмыста қолданылатын зерттеу әдістері дәлелденген заманауи және жалпы қабылданған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері стандартты әдістерге сәйкес заманауи құрылғылар мен жабдықтарды қолдана отырып алынған, алынған мәліметтерді өңдеу және түсіндіру компьютерлік технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған 1) ия;	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Қазақстан Республикасы сертификаттау жүйесінің мемлекеттік тізілімі (реестр) бойынша ҚР СТ ISO 22000 2006 «Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйелері. Тамақ өнімдерін өндіру, тұтыну тізбегіндегі барлық ұйымдарға қойылатын талаптар» стандартын енгізілу деңгейіне талдау жасалды. Талдау барысында сиыр сүті және сиыр сүті өнімдерін өндіруші кәсіпорындарына – 46, бие сүті және бие сүті өнімдерін өндіру өндірісі кәсіпорындарына – 3, түйе сүті және түйе сүті өнімдерін өндіру кәсіпорындарының 1-не ғана енгізілгендігі анықталды. Ал ешкі сүт және ешкі сүтінен жасалған өнімдерін өндіру кәсіпорындарына аталған стандарттар мүлдем енгізілмегендігі расталды.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Дереккөздерге сілтемелер дұрыс жүргізілген, олардың

		сілтемелермен <b>расталған</b>	көпшілігі соңғы жылдардағы жарияланымдар.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті	Зерттеу тақырыбы бойынша пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу үшін жеткілікті деңгейде орындалған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия	НАССР жүйелерін кәсіпорындарға енгізу тұтынушыларды сапалы қауіпсіз өніммен қамтамасыз етуге, оларды басқаруға, экспортқа өнім шығаруға, Қазақстан Республикасының жалпы ішкі өнімін арттыруға, өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасына қойылатын талаптарды орындаудағы маңызы зор.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді қолдану ықтималдығы жоғары. Дәлелді құжаттары мен енгізу актісі бар.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа	Қазақстан Республикасындағы тамақ өнімдерін өндіруші кәсіпорындарға НАССР жүйесін енгізу міндеті қатаң қадағаланса деген практикалық ұсыныстың деңгейі жоғары. Себебі, бұл жерде адам өмірі мен денсаулығы бірінші орында тұр.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	Диссертациялық жұмыс ғылыми-техникалық стильде, негізгі ережелер мен тұжырымдардың толық зерттеу сипатына сәйкес академиялық адалдық сақтай отырып жазылған.

Ресми рецензенттің шешімі-докторант Юсупова Гаухар Тургалиевна философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыныс жасау.

**Ресми рецензент:**

6D073200- «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша (PhD) доктор,  
«Байсерке-Агро» ЖШС директоры



Алиев М.А.